



Жоғары кәсіби білім берудің жаңа үлгісі

Орындағандар: Аман Айдана

Ерлан Сапар

Мусабаева Жанат

Слямова Адина

Тексерген: Шағырбаева М.Д



Жоспар:

Тәуелсіз Қазақстанның жоғары білім жүйесінің
қалыптасуы мен дамуы

ҚР жоғары білім беру жүйесі

Білім берудің Болландық үлгісі

Қазақстандағы ЖОО санының кемуі


Кәсіптік білімнің жұмыс табуда маңыздылығы

Қазақстан мен ТМД елдеріндегі кәсіптік білім беру жүйесі



Кәсіптік даярлық, кадрларды кәсіптік даярлау – білім беру жүйесінің маңызды [саласы](#); мамандар мен жұмысшыларға кәсіптік білім беру, оларды [мамандыққа](#) даярлау, қайта оқыту және олардың [біліктілігін](#) көтеру. Бастауыш кәсіптік білім беру ісі негізгі жалпы білім беру [базасы](#) негізінде кәсіптік мектептер мен кәсіптік [лицейлерде](#) жүзеге асырылады және ол еңбек қызметінің түрлі бағыттары бойынша [біліктіжұмыскерлерді](#) (жұмысшыларды, [қызметшілерді](#)) даярлауға бағытталған. Кәсіптік мектепте оқу мерзімі 2 – 3 жыл, кәсіптік лицейде – 3 жыл, ал ерекше маңызды кәсіптер және [бірегейжабдықтарға күтім](#) жасауға байланысты кәсіптер бойынша – 4 жыл. Сондай-ақ, тікелей өндірісте, оқу-өндірістік [комбинаттарда](#), оқу орталықтарында, [курстарда](#) және жұмысшылар мен қызметшілерді даярлайтын басқа да оқу-өндірістік құрылымдарда да [кадрлар](#) кәсіпке даярланады. Орта кәсіптік білім оқушыларға [колледждер](#) мен [училищелерде](#) беріледі, мұнда кәсіптік білім беру ісі арнаулы орта білім берумен ұштастырыла жүргізіледі және ол орта кәсіптік білімі бар мамандарды даярлауға бағытталған. [Колледжде](#) оқу мерзімі – 3 – 4 жыл. Жалпы орта білімі бар, сондай-ақ, сабақтас мамандықтар бойынша [бастауыш](#) кәсіптік білімі бар азаматтар колледждерде қысқартылған, жеделдетілген [бағдарламалар](#) бойынша орта кәсіптік білім алады. Колледждерде тиісті [лицензиясы](#) болғанда ғана бастауыш кәсіптік білім беру бағдарламалары іске асырылады.

[Экономиканың нарыққа](#) бағдарланып қайта құрылуына байланысты мамандардың біліктілік [деңгейіне](#), олардың кәсіптік [ілкімділігіне](#), [ептілігі](#) мен шеберлігіне, [бастамашылдығына](#) жоғары [талаптар](#) қойылып отыр. Осыған орай кәсіптік білім беру жүйесіне ерекше назар аударылып, [дағдарысқа](#) қарсы күрес барысында оған экономикада жүргізілетін [құрылымдық өзгерістерді](#) қамтамасыз ететін, [нарықтық сауаттылықты](#) енгізетін *“қуатты фактор рөлі”* жүктелуде. 1999 ж. колледждердің мемлекттік қазыналық кәсіпорындар қатарына жатқызылуына байланысты олар [ақылы](#) оқытуға көшті, олардың тек кейбіреулері ғана мемлекттік [тапсырыс](#) бойынша жұмыс істейді. Бұл тапсырысты тиісті мемлекттік [органдар](#) білікті жұмысшылар мен қызметшілерді даярлаудың мемлекттік бюджет есебінен іске асырылатын [жоспары](#) ретінде белгілейді. Қазіргі кезде колледждерде оқушыларға [конкурстық](#) негізде мемлекттік [гранттар](#) мен [несиелер](#) беру жолымен мамандар даярлаудың [тетігі](#) әзірленіп, тәжірибеге енгізілуде.




Қазақстан Республикасы дүниежүзілік қауымдастықпен нарықтық экономикалы ел деп танылып отыр. Тәуелсіздіктің қысқа жылдары аралығында мемлекетіміз дүниежүзілік қауымдастықпен кіріге отырып, экономикалық өсудің жоғары қарқынымен ерекшеленді. Осыған байланысты, қоғамдық даму деңгейінің, экономикалық қуаттылықтың және елдің ұлттық қауіпсіздігінің белгісі ретіндегі адами ресурстардың, білім беру жүйесінің рөлі мен маңыздылығы артады. Білім - әлемдегі өркениетті дамыған елдердің барлығында дерлік дамудың негізгі көрсеткіші мен негізгі басыңқы бағыты болып табылады. Шын мәніне келгенде, елдер тек тауарлар мен қызметтер өндіре отырып бәсекелеспейді, сонымен бірге олар қоғамдық құндылықтар жүйесі мен білім беру жүйесі арқылы бәсекеге түседі. Қазақстан Республикасының әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына ену міндеті елде ғылыми сыйымды технологиялық білімі бар, басқарушылық қабілетке ие, нарықтық экономикада дұрыс бағыт тандай алатын жоғары білікті мамандар болған кезде және дүниежүзілік нарықтық экономиканың қажеттіліктеріне жауап беретін тиімді білім беру жүйесі құрылғанда шешіле алады. Тәуелсіз Қазақстанның жоғары білім жүйесін бетбұрыстандыру бірнеше кезеңнен тұрды: 1 кезең – жоғары білім жүйесінің заңдық және нормативтік құқықтық базасының қалыптасуы (1991-1994 жылдар); 2 кезең – жоғары білім жүйесін модернизациялау, оның мазмұнын жаңарту (1995- 1998 жылдар); 3 кезең – білім беру жүйесін қаржыландаруды орталықсыздандыру, білім беру мекемелерінің академиялық еркіндігін кеңейту (1999-2000 жылдар); 4 кезең – жоғары кәсіптік білім беру жүйесін стратегиялық дамыту (2001 жылдан бастау алған қазіргі кезең)



Қазіргі қазақстандық білім беру жүйесі «Білім туралы» Заң (1999 жыл), «Білім» мемлекеттік бағдарламасы (2000 жыл), «2010 жылға дейінгі білімді дамыту стратегиясы» (2001 жыл), «2005-2010 жылдарға арналған білімді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы» (2004 жыл) сияқты стратегиялық нысандағы құжаттармен бекітілген [2,3]. Көптеген жоғары білім беру мекемелері Қазақстан Республикасының жоғары білім жүйесінің әлемдік білім беру кеңістігіне интеграциялану міндетінен білім берудің Болондық моделін жүзеге асыруда, ол төмендегідей деңгейлерден тұрады: - жоғары базалық білім/ жоғары арнайы білім: бакалавриат – «бакалавр» дәрежесін беретін жоғары білім беру бағдарламасы; - жоғары ғылыми-педагогикалық білім: магистратура – «магистр» академиялық дәрежесін беретін жоғары ғылыми-педагогикалық бағдарлама; - докторантура PhD – бұрынғы ғылыми-зерттеу кадрларын даярлау жүйесінің орнын басатын бағдарлама.

Жоғары білімнің үш деңгейлік жүйесінің енгізілуі сонымен бірге, білім беру бағдарламаларының диапазонының кеңеюі мен олардың рыноктық экономика талаптарына сәйкес икемділігі мен шоғырлану дәрежесін күшейтуге бағытталған. Жоғары білімнің бұл моделінің жүзеге асырылуы өзінің өміршеңдігі мен өзектілігін көрсетті, сол сияқты оның келешекте әрі қарай өзгертілу қажеттілігін пайымдады. Қазақстан Республикасындағы жоғары білімнің үш деңгейлі моделінің даму бағыттары майда мамандықтар түрін қысқартып, оларды кеңірек пәндерге/ бағдарламаларға біріктіруді, бизнеспен өзара әркеттестікті арттыруды, түлектердің еңбек рыногындағы қажеттілігін қамсыздандыруды қамтиды.



Қазақстанның жоғары білім жүйесінің қалыптасуының келесі бір жағымды тұсы – институционалдық құрылымдардың, оқыту бағдарламалары мен формаларының әртараптандырылуы, олардың университеттік білім беру жүйесіне бейімделуі. Қарастырылып отырған үдерістің маңызды бір тұсы жеке білім беру секторының дамуы мен кеңеюі болды. 2012 жылы еліміздегі жоғары оқу орындарының саны 139 болса, олардың 66-сы жеке меншік иелігінде болды



Кесте 1 – Жоғары оқу орындарының
желісі № Барлығы Желісі (бірлік) 1 2 3
ЖОО саны 139 Оның ішінде: 1 Ұлттық 9
2 Халықаралық 1 3 «Назарбаев
Университет» АҚ 1 3 Мемлекеттік 33 4
Мемлекеттік (АҚ) 16 5 Азаматтық емес
13 6 Жеке меншік 66

Кесте сызу керек



Жоғары оқу орнының бәсекеге қабілеттілігіне және білім беру сапасына ықпал етуші факторларды біз төмендегідей топтарға бөле аламыз: [6] 1. Объектінің білім беру қызметтерін алу сапасы (абитуриент, студент, аспирант, даярлық курстарының тыңдаушылары, кәсіби біліктілікті арттыру курстарының тыңдаушылары). 2. Субъектінің білім беру қызметтерін беру сапасы (оқыту бағдарламаларының сапасы, профессор-оқытушылар құрамының сапасы, қызмет көрсету үдерісін ресурстық қамсыздандыру сапасы, материалдық-техникалық база, ақпараттық-әдістемелік қамсыздандыру, ғылыми-зерттеу сапасы). 3. Білім беру қызметтерін көрсету сапасы (білім беру қызметтерін көрсетуде қолданылатын технологияларды жүзеге асыру және оны ұйымдастыру, білім беру қызметтерін көрсету үдерісін бақылау сапасы, білім беру қызметінің нәтижесінің сапасы). 4. Тұтынушылардың қанағаттану дәрежесі (білім беру қызметтерін пайдаланушылардың сапаға қанағаттануы, білім беру қызметін көрсетушілердің өз жұмысына қанағаттануы, қоғам мүшелерінің білім дәрежесі). Қазақстан Республикасының Конституциясының 2 тармағының 30 бабы көрсететіндей, ҚР азаматы конкурстық негізде тегін жоғары білім алуға құқылы, ол мемлекеттің өз азаматтарының жоғары оқу мекемелерінде оқуы үшін қомақты қаржы бөлу қажеттілігін пайымдайды.



Көптеген жоғары білім беру мекемелері Қазақстан Республикасының жоғары білім жүйесінің әлемдік білім беру кеңістігіне интеграциялану міндетінен білім берудің Болондық үлгісін жүзеге асыруда, ол төмендегідей деңгейлерден тұрады:


жоғары базалық білім/ жоғары арнайы білім: бакалавриат – «бакалавр» дәрежесін беретін жоғары білім беру бағдарламасы;

жоғары ғылыми-педагогикалық білім: магистратура – «магистр» академиялық дәрежесін беретін жоғары ғылыми-педагогикалық бағдарлама;


докторантура PhD – бұрынғы ғылыми-зерттеу кадрларын даярлау жүйесінің орнын басатын бағдарлама.



2012 жылы Қазақстандағы ЖОО саны 2008 жылмен салыстырғанда 5-еуге кеміген. Жоғары білім беру жүйесіндегі мұндай үрдісті [Қазақстан Республикасының](#) білім және ғылым министрлігінің ЖОО қоятын талаптарының артқанын, мемлекетік бақылау мен үйлестіру, реттеу шараларының қатаңдағанымен түсіндіре аламыз. Сонымен бірге жеке меншік [ЖОО](#) санының артуы оларға автономияның көбірек берілуінен, ал шешім қабылдау үдерісі орталықсыздандырылып, ЖОО басшылығына берілгенімен анықталады. Егер бұрын мемлекет [экономикамен](#) қатар, өз жоспарларын жүзеге асыру үшін мамандарды даярлауды да жоспарлаған болса, қазіргі күні жоғары білім жүйесі ұлттық және [халықаралық еңбек](#) рыноктарының талаптарын ескеруге тырысады. Қазіргі күні Қазақстанда жоғары білімді мамандарды даярлаудың салалық жүйесі басым, ол [гуманитарлық](#) және [техникалық ғылымдар](#) саласындағы білімін үйлестіретін, жан-жақты білім алған, бірнеше шет ел тілдерін меңгерген, басқарушылық бейімі бар жаңа ғасырдың жұмысшы күшін дайындауды біршама шектейді. Даярлаудың мұндай деңгейін негізінен университеттер қамтамасыз етуге қабілетті. Мұны жоғары білім жүйесінде университеттік типтегі білім беру мекемелері басым дамыған елдер [тәжірибесі](#) көрсетеді. Білім жүйесі, оның ішінде жоғары мектеп халықты жұмыспен қамтуды ынталандырып, [жұмыссыздықты](#) қысқартуда маңызды рөл атқарады. Ол еңбек рыногынан жастардың бір бөлігін тарта отырып, [әлеуметтік](#) шиеленісті әлсіретеді.



Кәсіптік білім адами капиталдың қалыптасуын қамсыздандырады. Адами капитал табыс әкеле алатын адамдағы қабілеттердің мөлшерін білдіреді. Ол тума біткен ақыл-ой мен физикалық қабілет, дарын, сыйды ғана қоспайды, сонымен бірге алынған білім мен біліктілікті қосады. Жұмысшы күшінің біліктілік деңгейі адами капиталдың жағдайын көрсетеді. Адами капиталдың артуы еңбеккерлердің кәсіптік-біліктілік деңгейінің өсуін бейнелейді. Кәсіптік білім, біліктілік алу жұмысқа орналасу мәселесін шешуде еңбеккер үшін өте маңызды болып табылады. Жұмыс беруші үшін білімі туралы дипломның болу факті, сол адамның белгіленген іріктеуден өтіп, сапалы (білікті) жұмысшы күші категориясына енгенін білдіреді. Көптеген елдер шешуші маңызды экономикалық міндеттердің арасынан жылдам өзгеруші экономика, технология мен халықаралық сауда жағдайларына бейімделу мүмкіндіктерін күшейту қажеттілігін ерекше көрсетеді. Жоғарыда аталған үдерістердің қарқынына теңсіз әсер теріс өңірлік, ұлттық, жергілікті салдарға алып келетін тұтас бір мәселелер кешенін тудыруға қабілетті. Жоғары білім осындай көптеген теріс үрдістерді болдырмауға қабілетті болып табылады. Мұндай үрдістерден шығу жөніндегі шешімдер ұлттық, жергілікті, өңірлік, әлеуметтік және мәдени құндылықтарды ескерумен жүзеге асырылуы тиіс.



Қазіргі кездегі Қазақстан мен ТМД елдерінің экономикалық жағдайы, оның каншалықты нарық жағдайына бейімделуіне білікті жұмысшы мамандарға деген сұранысты қанағаттандыру мәселесіне тікелей байланысты болып отыр. Саяси-әлеуметтік және экономикалық реформаларды жүзеге асыруда бәсекелестік басты орынға шықты. Қалыптасқан жағдайда халықты әлеуметтік қорғау институттары нарықтық қатынастар саласында болып жатқан өзгерістердің даму қарқынына ілесе алмай, еңбекке жарамды белгілі бір әлеуметтік топ қорғаусыз қалады. Бұл адамдар үшін басты қорғаныс қызметі, әрі кепілі - ол елдегі кәсіптік білім беру жүйесін дұрыс жолға қою болып табылады. Білім беру, оның ішінде кәсіби білім беру жүйесінің қызметін дұрыс ұйымдастырғанда ғана қоғамның әрбір мүшесіне тиісті жалпы немесе кәсіптік білім бере аламыз. Тек қана нарық талабына лайық сұранысқа ие жоғары білікті дәрежеде дайындалған кәсіптік мектеп, колледж не жоғарғы оқу орнын бітірген мамандар арқылы ғана ішкі еңбек ресурстарын толықтырып, жұмыссыздықты жоюға жол ашуға болады. Сөйтіп, қоғамда болып жатқан экономикалық өзгерістер талабын бұрынғы білім беру жүйесі қанағаттандыра



Өндіргіш күштердің даму қарқынына ілесу үшін білім беру жүйесі мына төмендегі екі заңдылыққа сүйенуі керек: өндіргіш күштердің даму деңгейіне білім беру жүйесінің сәйкестігі; өндіріс қатынастар жағдайына білім беру жүйесінің сәйкестігі. Бұл сәйкестік алдыңғы қатарда болса ғана нәтиже бермек. Педагогика ғылымдарының докторы, профессор А. Новиковтың пікіріне сүйенсек, «жеке тұлғаға жалпы және кәсіби білім беру ісінің даму қарқыны өндірістің даму деңгейінен асып түсуі керек»-дамыта білім беру ісін басты принцип етіп ұстауымыз керек. Осы жерде жалпы бастауыш және орта кәсіптік білім беру жүйесінің білікті жұмысшылар мен мамандар даярлауда тиісті білім мазмұнымен қамтамасыз етуде рөлі қандай деген сұрақ туындайды.



Сөйтіп, қазіргі кездегі кәсіби педагогиканың басты міндеті — осы оқу орындарына арналған білім мазмұнын жаңарту болып отыр. Осы мәселелерді сапалы әрі түпкілікті шешу үшін кәсіптік білім мазмұнына философиялық және әдістемелік-теориялық ғылыми негіздеме әзірлеу қажеттігі туындайды. Оның мына төмендегідей жолдары бар: адамзаттың дамуы мен оның өмір сүру кеңістігінің, қызметінің ажырамас бір бөлігі кәсіби ізгілікті философияның қалыптасуы мен байланыста болуы қажет; жеке тұлғалардың адамгершіліктік қасиеттері оның кәсіби шеберлік деңгейінің басты көрсеткіші, негізгі алғышарты болып табылуы тиіс; қазіргі кәсіптік оқу орындарындағы кәсіби білім берудің, оқытудың түпкі мақсаты моральдық ұстанымы жоғары кәсіпкерлерді тәрбиелеу болып отыр; ХХІ ғасыр кәсіби мамандарын тәрбиелеп, әзірлеудің, оларды жүзеге асыратын орталықтар болып қазіргі жаңа типтегі кәсіптік білім мекемелері, лицейлер, колледждер және кәсіби білім шеберліктерін тыңдау орталықтары болуы тиіс; жаңа кәсіпкерлік философияны негізге ала отырып, кәсіптік білім мекемелері, лицейлер мен колледждердегі білім мазмұнын, оның теориялық - әдістемелік негіздерін қайта әзірлеуіміз керек; үшінші мыңжылдыққа қадам басқан жаңа қоғамның мамандары мен кәсіпкерлерін қалыптастыратын негізгі тұлға — инженер-педагог кадрларды дайындауды, қайта әзірлеуді қолға алуымыз қажет; кәсіптік білім мекемелері мен оқу орындарын басқару жүйесі тек әкімшілік емес, оның білім мазмұнына толық жауап беретін, сол саладағы ғылыми-теориялық әзірлігі бар, түпкі мақсатты болжай білетін, соған бар күш-жігерді ұжымда жұмылдыра алатын іскер басшы болуы тиіс.



Жоғарғы білімнен кейінгі кәсіптік білім үздіксіз білім беру жүйесінің жоғарғы сатысы болып табылады және ол жоғары білікті ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрлар дайындауда өз алдына белгілі бір мақсат қояды. Азаматтардың жоғары білімнен кейінгі кәсіптік білім алуы үшін арнайы жоғары білікті мамандығы мен академиялық «Магистр» дәрежесі болуы керек, Медицина саласында ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды дайындау клиникалық ординатураларда, аспирантурада, адъюнктурада жоғарғы оқу орнының докторонтурасында, ғылыми-зерттеу мекемелерінде, сондай-ақ ғылым кандидаттарын аға ғылыми қызметкер, ізденуші есебінде жұмысқа алу арқылы жүргізіледі. Оқу мерзімі аспирантура мен адъюнктурада күндізгі бөлімде 23 жылға дейін, сырттан оқыту бөлімі үшін 4 жыл, ал «Магистр» дәрежесі барлар үшін тиісінше 2—3 жыл көлемінде Ассистентурадағы өтіл мерзімі күндізгі бөлімде 2 жыл, сырттай бөлімде 3 жылдан аспауы керек. Докторантура мерзімі 3 жыл, ал аға ғылыми қызметкерлерді докторлық диссертациясын қорғау мерзімі 2 жыл. Жоғарғы білімнен кейінгі кәсіптік білім беру туралы Ережесі Қазақстан Республикасы білім беру саласы бойынша орталық атқарушы орган бекітеді.



Кәсіби білімнің мазмұны болашақ мамандардың қоғамның мақсаттары мен талаптарына сәйкес білім, дағды шеберліктерінің жүйесінен білініп, олардың өмірге көзқарасы, азаматтық және кәсіби сапаларында, оның білу мүмкіндігі мен талаптарымен белгіленеді. Маманның дайындық деңгейінің талаптары, ықшамдалған түрде мамандық бойынша Мемлекеттік білім беру стандартында ұсынылған. Кәсіби білім беру стандарты бір жағынан, отандық және әлемдік еңбек нарығындағы бәсекелестігіне, қоғам мүшелері үшін әлеуметтік кепілдік ретінде қызмет жасаса, екінші жағынан, олардың дербес талаптарын қанағаттандыруы тиіс. Бұл үшін ол қоғамның нақты ресурстарына сүйеніп (қоғамның сол уақыттағы мүмкіндік шегінен шықпайтындай), мазмұны мен көлемі бойынша да қабылдануға болатындай болып, шет елдік білім беру стандарттарымен түйісуі тиіс.



Жоғарғы білімнен кейінгі кәсіптік білім үздіксіз білім беру жүйесінің жоғарғы сатысы болып табылады және ол жоғары білікті ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрлар дайындауда өз алдына белгілі бір мақсат қояды. Азаматтардың жоғары білімнен кейінгі кәсіптік білім алуы үшін арнайы жоғары білікті мамандығы мен академиялық «Магистр» дәрежесі болуы керек, Медицина саласында ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды дайындау клиникалық ординатураларда, аспирантурада, адъюнктурада жоғарғы оқу орнының докторонтурасында, ғылыми-зерттеу мекемелерінде, сондай-ақ ғылым кандидаттарын аға ғылыми қызметкер, ізденуші есебінде жұмысқа алу арқылы жүргізіледі. Оқу мерзімі аспирантура мен адъюнктурада күндізгі бөлімде 23 жылға дейін, сырттан оқыту бөлімі үшін 4 жыл, ал «Магистр» дәрежесі барлар үшін тиісінше 2—3 жыл көлемінде Ассистентурадағы өтіл мерзімі күндізгі бөлімде 2 жыл, сырттай бөлімде 3 жылдан аспауы керек. Докторантура мерзімі 3 жыл, ал аға ғылыми қызметкерлерді докторлық диссертациясын қорғау мерзімі 2 жыл. Жоғарғы білімнен кейінгі кәсіптік білім беру туралы Ережесі Қазақстан Республикасы білім беру саласы бойынша орталық атқарушы орган бекітеді.



Кәсіби білім беру ерекшелігі, жалпы білім берумен салыстырғанда, оның кәсіптер мен мамандықтарды таңдаудың үлкен мүмкіндігінде, жұмыскерлерді дайындау нысандарында, оқу-бағдарламалық құжаттамалар өмірінің едәуір қысқа мерзімінде, себебі, кәсіби оқытудың мазмұны ғылыми-техникалық прогресс нәтижесінде жылдам өзгертін еңбек мазмұнымен тығыз байланысты. Бұл жерде келесі заңдылық орын алады: кәсіби білім берудің төменгі деңгейі үшін бұл өзгерістер, жоғары деңгейдегілерге қарағанда (мысалы, техника мен технологиямен түйісе жұмыс істейтін жұмысшылары үшін еңбек мазмұны ғылыми-техникалық негіздер және техника мен технологияны жобалау әдістерімен істес болатын инженерге қарағанда көбірек өзгереді) жиі болады.



Пайдаланылған әдебиеттер:



ҚР 2005-2010 жылдарға арналған білімді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы
Дамитов Б.К. Жоғары білім бойынша заңды және нормативті құжаттар жинағы. ҚР Білім және Ғылым Министрлігі.- А., 1996.-132б.
Современное состояние высшего образования в Республике Казахстан// Вестник высшей школы- А., 2005.-С.92.

Ғаламтор желісі

